

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Мемлекет және құқық теориясы негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мемлекет механизмі

- A) мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын көрсететін мемлекет қызметінің негізгі бағыттары
- B) мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі
- C) мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық ережелер
- D) мемлекеттің функцияларын жүзеге асыратын оның органдарының біртекті қызметі
- E) қоғамдық қатынастарға нәтижелі және нормативті ұйымдастырылған әсер ету механизмі

2. Субъектінің жасалған іс-әрекетке және оның салдарына психикалық қатынасы, құқықбұзушы еркінің бағыттылығы

- A) құқықбұзушылықтың объектісі
- B) құқықбұзушылықтың субъектісі
- C) құқықбұзушылықтың субъективті жағы
- D) құқықбұзушылықтың объективті жағы
- E) құқықбұзушылықтың құрамы

3. Қазақстандағы мемлекет басшысы

- A) Президент
- B) Парламент
- C) Үкімет
- D) Халық
- E) Патша

4. Құқықты түсіндіру актісі

- A) нақты заңдық істі шешу нәтижесінде құқықтық орган шығаратын акт
- B) заң негізінде және оларды орындау мақсатында қабылданған акт
- C) заңдық нормалардың мағынасын түсіндіретін құқықтық акт
- D) ерекше тәртіпте қабылданған, жоғарғы заңдық күшке ие құқықтық акт
- E) мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғарғы органдарының актісі

5. Құқықтану ғылымдарының негізін салушы ғылым

- A) Мемлекет және құқық теориясы
- B) Азаматтық құқық
- C) Экологиялық құқық
- D) Еңбек құқығы
- E) Әкімшілік құқық

6. Құқықтық сана функциялары

- A) жеке, топтық, қоғамдық
- B) психология, идеология, жүріс-тұрыс
- C) халықтық, ұлттық, таптық
- D) қарапайым, кәсіби, ғылыми
- E) танымдық, бағалаушылық, реттеуші

7. Адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің жүйеленген ғылыми көрінісі

- A) құқықтық сана
- B) құқықтық мәдениет
- C) құқықтық тәрбие
- D) құқықтық идеология
- E) құқықтық психология

8. Еңбек қатынастары саласында жүзеге асырылатын, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер қызметінің ішкі тәртібіне нұсқан келтіретін құқықбұзушылықтар

- A) азаматтық
- B) әкімшілік
- C) конституциялық
- D) тәртіптік
- E) қылмыс

9. Құқықтық сананың құрылымы

- A) құқықтық психология және құқықтық идеология
- B) кәсіби және ғылыми құқықтық сана
- C) топтық және қоғамдық құқықтық сана
- D) құқықтық идеализм және құқықтық нигилизм
- E) құқықтық идеялар және құқықтық теориялар

10. Заңды жауапкершілік функциялары

- A) танымдық, бағалаушылық, реттеуші
- B) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік
- C) жазалаушы, қалпына келтіруші, тәрбиелік
- D) императивті, диспозитивті
- E) реттеуші, қорғаушы

11. Мәжіліс пен сенаттан тұратын заң шығаратын орган

- A) Үкімет
- B) Сот
- C) Прокуратура
- D) Парламент
- E) Салық комитеті

12. Антидемократиялық саяси режимнің нышандары

- A) Мемлекетте бір ғана саяси партия үстемдік етеді
- B) Бір ғана идеология үстемдік етеді, идеологиялық плюрализм болмайды
- C) Конституция шеңберінде еркін, бостандық жағдайында әрекет етеді
- D) Мемлекет өз органдарын сайлау жолымен құрады
- E) Сайлау жолымен құрылған органдар болмайды, демократиялық партиялар мен ұйымдарға тыйым салынады, демократиялық құқықтар мен бостандықтар шектеледі

13. Субъектілері бойынша талқылау түрлері

- A) ресми, бейресми
- B) нормативті, казуалдық
- C) ғылыми, кәсіби, әдеттегі
- D) аутентикалық, легалды
- E) соттық, үкіметтік

14. «Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы» деген ғылыми еңбектің авторы

- A) Ф.Энгельс
- B) Дж.Локк
- C) Ф.Аквинский
- D) Л.Петражицкий
- E) Э.Фром

15. Құқықтық реттеу пәні бойынша құқық қолдану актілерінің түрлері

- A) жарлық, үкім, шешім
- B) реттеуші және қорғаушы
- C) негізгі және көмекші
- D) материалдық және іс жүргізушілік
- E) қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық

16. Заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасы

- A) жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық үшін ғана қолданылатындығын білдіреді
- B) істің жағдайларын объективті түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді
- C) адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салу
- D) жазаның кінәға сәйкестігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді
- E) жасалған құқықбұзушылық үшін жауапкершіліктің міндеттілігін білдіреді

17. Құқықтық сананың танымдық қызметі

- A) «құқықтық дайындық» түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығы
- B) тұлғаның құқықтық өмірдің әртүрлі жақтары мен көрінісіне өтіл мен құқықтық тәжірибе негізіндегі белгілі бір эмоционалдық қатынасы
- C) құқықтық көзқарастар мен құндылық-құқықтық бағыттылық арқылы іске асады
- D) тұлғаның заңды маңызы бар жағдайларда әрекет ету бағдарламасын тікелей қалыптастыратын құқықтық көзқарастарының жиынтығы
- E) тұлғаның белгілі бір түрде ақпараттарды, процесстерді, құбылыстарды қабылдауға және бағалауға бейімділігі

18. Ресми түсіндірудің түрлеріне қарай түсіндіру актілері

- A) қылмыстық, азаматтық түсіндіру актілері
- B) нормативтік және казуалдық түсіндіру актілері
- C) материалдық және іс жүргізушілік түсіндіру актілері
- D) сот, прокуратураның түсіндіру актілері
- E) қаулы, бұйрық, нұсқау

19. Казуалды талқылау

- A) заңдық салдар тудырмайтын түсінік беру
- B) нақты істі қарау кезінде міндетті болатын түсіндіру
- C) жоғарыда тұрған органның төмендегілерге түсіндіруі
- D) белгіленген құқық саласының істерін шешуде міндетті түсінік беру
- E) құқықтық норманы шығарған органның өзінің түсіндіруі

20. Заңды табиғаты бойынша құқық қолдану актілерінің түрлері

- A) жарлық, үкім, шешім
- B) реттеуші және қорғаушы
- C) негізгі және көмекші
- D) материалдық және іс жүргізушілік
- E) қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Интеллектуалдық меншік құқығының объектісі болып табылады
 - A) көлік құралдары
 - B) бағалы қағаздар
 - C) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері
 - D) ақша
 - E) қаржылық құралдар

2. _____ шарты бойынша жалға беруші жалға алушыға мүлікті ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді
 - A) тауар жеткізілімі
 - B) мүліктік жалдау
 - C) бөлшектеп сатып алу-сату
 - D) контракция
 - E) рента

3. Заңды тұлға қайта тіркеледі, егер
 - A) тұрған жері өзгерсе
 - B) өкілдік ашылса
 - C) қызметінен түсімдер азайса
 - D) филиал құрылса
 - E) атауы өзгерсе

4. Заттар ретінде ақшаның заңдық сипаттамасы
 - A) тектік белгісі бар және күрделі
 - B) жеке анықталған және ауыстырылмайды
 - C) тұтынылмайды және бөлінеді
 - D) тұтынылады және бөлінбейді
 - E) тектік белгісі бар, ауыстырылады және бөлінеді

5. Өкілдік берілмейді
 - A) Сенімхат арқылы
 - B) Заң арқылы
 - C) Түбіртек арқылы
 - D) Сот шешімі арқылы
 - E) Әкімшілік құжат арқылы

6. Азаматтың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі _____ актісі негізінде шектелуі мүмкін

- A) әкімнің
- B) соттың
- C) қорғаншылық және қамқоршылық органының
- D) прокуратураның
- E) ішкі істер органдарының

7. Іс жүргізуде легитимация міндеті тиесілі тарап

- A) хатшы
- B) адвокат
- C) жауапкер
- D) прокурор
- E) талапкер

8. Иелену мерзімінің өтуі ... басталады

- A) меншік иесінен алынып тасталған мүлікті сатып алу кезінен
- B) меншік иесіне қайтарған сәттен
- C) табылған затты сатып алу кезден
- D) затты иеленген кезден
- E) меншік иесі бас тартқан сәттен

9. Азаматтық айналымның субъектілерінің еркі бойынша шарттың түрін, контрагенттерін және мазмұнын анықтау. Бұл сипаттама _____ принципін мағынасын білдіреді

- A) азаматтық қатынастар қатысушыларының теңдігі
- B) меншікке қол сұқпаушылық
- C) шарт еркіндігі
- D) азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру
- E) нұқсан келтірілген азаматтық құқықтарды қалпына келтіру және қорғау

10. Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі

- A) Аманат
- B) Шарт
- C) Билік
- D) Әмір
- E) Бұйрық

11. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық қатынастардың субъектілері болып _____ табылмайды

- A) жеке тұлғалар
- B) заңды тұлғалар
- C) мемлекет
- D) мемлекеттік қызметшілер
- E) әкімшілік-аумақтық бөліністер

12. Неке және отбасы, ана, әке және бала ... қорғауында болады

- A) мемлекеттің
- B) мүдделі тұлғалардың
- C) ұйымдардың
- D) прокурордың
- E) қоғамның

13. Сот азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамға белгілейді

- A) қамқоршылық
- B) қадағалау
- C) патронат
- D) бақылау
- E) қорғаншылық

14. Азаматтық заңнаманың принципі болып табылмайды

- A) шарт бостандығы
- B) меншікке қол сұқпаушылық
- C) қатысушылардың теңдігі
- D) заңдылық
- E) нұқсан келтірілген құқықтарды қалпына келтіру

15. Мәміле белгілеріне тән емес

- A) Тұлғаның ерік білдіруі
- B) Құқыққа сәйкес әрекет
- C) Қандайда бір заңды құқық жасауға бағытталған
- D) Мәміле қашанда құқықтық салдар туғызады
- E) Мәміледегі тараптардың еркі міндетті емес

16. Сотта ерікті өкіл бола алмайды

- A) депутат
- B) адвокат
- C) судья
- D) прокурор
- E) тергеуші

17. Қазыналық кәсіпорын жатады

- A) Шектеулі басқару құқығы
- B) Оралымды басқару құқығы
- C) Шаруашылық жүргізу құқығы
- D) Үлестік басқару құқығы
- E) Ортақ басқару құқығы

18. Мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын заңнамалық актілерінде белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып

- A) Жедел басқару құқығы
- B) Оралымды басқару құқығы
- C) Шаруашылық жүргізу құқығы
- D) Үлестік басқару құқығы
- E) Ортақ басқару құқығы

19. Азаматтық қатынастардағы міндеттерді анықтайтын элемент

- A) Объектісі
- B) Субъектісі
- C) Нысаны
- D) Мазмұны
- E) Объективтік жағы

20. Бір адамның өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға берген жазбаша уәкілдігі

- A) Өкілдік деп танылады
- B) Шарт деп танылады
- C) Контракт деп танылады
- D) Міндеттеме деп танылады
- E) Сенімхат деп танылады

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Неке және отбасы құқығының пәні

- A) Некедегі қылмыстық қатынастар
- B) Әкімшілік қатынастар
- C) Мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар
- D) Ерлі зайыптылар арасындағы балаларды қамту жөніндегі некелік қатынастар
- E) Халықаралық сауда қатынастары
- F) Гастробайтерлік қатынастар
- G) Медициналық қатынастар
- H) Экологиялық қатынастар

22. Егер _____ зиян келтірілсе, моральдық зиян өтеледі.

- A) азаматтың өміріне қауіптілігі жоғары затпен
- B) азаматтың денсаулығына қауіптілігі жоғары затпен
- C) заңсыз сотталудың нәтижесінде
- D) азаматтың мүлкіне
- E) заңды тұлғаның мүлкіне
- F) мемлекеттік кәсіпорынға
- G) дара кәсіпкердің мүлкіне
- H) өзгенің ақшасын заңсыз пайдалану нәтижесінде

23. Мұраның құрамына кіреді

- A) Мұра қалдырушыға тиесілі мүлік
- B) Мұрагердің артынан қалған бала-шағасы
- C) Қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді
- D) Мұрагердің артынан қалған ата-анасы
- E) Мұрагердің артынан қалған өгей әкесі мен анасы

24. Қайтыс болған азамат мүлкінің басқа адамға ауысуы негізінде пайда болатын қатынастар

- A) Мұрагерлік қатынастарын
- B) Әкімшілік қатынастарын
- C) Өсиет негізіндегі мұрагерлік қатынастарын
- D) Заң негізіндегі мұрагерлік қатынастарын
- E) Еңбектік қатынастарды
- F) Әлеуметтік қатынастарды

25. Неке қиюды мемлекеттік тіркеуге өтініш берілген күннен жүргізілетін айрықша мән жайлар

- A) қамқоршы не қорғаншы органының келісімі
- B) жүктілік
- C) ата-ананың тілегі
- D) некеге тұруға келісім
- E) прокурордың нұсқауы
- F) адвокаттың өтініші
- G) тараптардың бірінің өміріне тікелей қауіп төнуі
- H) бала тууы

26. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиянды өтейтін тұлға

- A) Халықты жұмыспен қамту орталығы
- B) Әлеуметтік қамсыздандыру орталығы
- C) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары
- D) Прокурор бекіткен тараптар
- E) Кінәлі тарапқа жауап беретін тұлға
- F) Қадағалауды жүзеге асыруға міндетті ұйым
- G) Қорғаншысы немесе оны қадағалауды жүзеге асыруға міндетті ұйым
- H) Оның қорғаншысы

27. Баланың туу тегін анықтайтын орган

- A) Тіркеуші орган
- B) Сот органы
- C) Әділет органдары
- D) Ішкі істер органдары
- E) Прокуратура
- F) Нотариус
- G) Денсаулық сақтау ұйымдары

28. Қорғаншылық белгіленеді

- A) денсаулығының жай-күйіне байланысты өзінің құқықтарын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын адамдарға
- B) психикалық аурудың салдарынан сот әрекетке қабілетсіздік таныған адамдарға
- C) спирттік ішімдіктерге құмар адамдарға
- D) бас бостандығынан айырылған тұлғаларға
- E) ақыл-есінің кемдігінен сот әрекетке қабілетсіздік таныған адамдарға
- F) кәмелеттік жасқа толмаған 14-18 жас араларындағыларға және есірткі заттарын пайдалануға бейім адамдарға

29. Жария оферта жасалған мысалдарды анықтаңыз

- A) дүкен ашу
- B) мүлікті сақтандыру
- C) заңды тұлғаны құру
- D) мүлікті сату туралы хабарлама
- E) салықтарды төлеу
- F) міндеттемені орындау
- G) жарнама
- H) сессия

30. Ұзақ мерзімді ақшалай міндеттемелерде _____ болуы мүмкін

- A) мәміле бойынша реституция
- B) мүлікті реквизициялау
- C) төлемді индексациялау
- D) теңгемен көрсету
- E) ақша девальвациясы
- F) қайта есептесу
- G) шығындарды өтеу
- H) өзгенің ақша құралдарын заңсыз пайдалану

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Мүгедектерге арналған арба шығаратын зауыттың өндірістік ғимараты екі дара кәсіпкерге тиесілі. Олар - меншік құқығына иеленген Васильченко мен Анарбаев. Меншік иесінің біреуі – Васильченко – өзінің үлесін сататын болды, себебі ол қалаға жақын жерден ғимарат тауып алды. Сатылатын үлесті Анарбаев сатып алмақшы болды, бірақ Васильченко меншік құқығындағы үлесті өзіне таныс бизнесменге беретінін мәлімдеді. Анарбаев бұған келіскен жоқ. Бұл жағдайда Анарбаев қандай әрекеттер жасайды және оның құқықтары қандай?

31. Егер Васильченко өзінің жылжымайтын мүлікке меншік құқығындағы үлесін әріптесінің келісімінсіз сатып жіберсе, онда Анарбаев үлес сатып алудың басым құқығы бұзыла отырып сатылғанына байланысты _____ ішінде сотта өзіне сатып алушының құқықтары мен міндеттерін аударуды талап етуге құқылы

- A) үш жылдың
- B) үш айдың
- C) екі жылдың
- D) бір жылдың
- E) алты айдың

32. Сатып алу-сату шартының негізгі тармағы(шарты)

- A) баға
- B) тауардың атауы
- C) мерзімдер
- D) ассортимент
- E) шарттың сомасы

33. ҚР Азаматтық кодексінде сатып алу-сатудың мынадай түрі бекітілмеген

- A) тауар жеткізілімі
- B) энергиямен жабдықтау
- C) көтерме сауда
- D) бөлшектеп сатып алу-сату
- E) контрактация

34. Сатып алудың басым құқығына _____ қатысушылары ие болады

- A) ортақ бірлескен меншік
- B) ортақ үлесті меншік
- C) өндірістік кооператив
- D) жай серіктестік
- E) консорциум

35. Дауласу барысында Васильченко мен Анарбаевтың арасында қалыптасқан қатынастар

- A) жеке мүліктік емес
- B) еңбек
- C) қаржылық
- D) жер
- E) мүліктік

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қазақстан Республикасының азаматтары Сеитов, Васильев және Аскеров кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатымен ұйым құру туралы шешімге келді, бірақ олар заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын анықтай алмады. Заңи кеңес алу үшін олар заңгерге баруға келісті.

36. Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып танылмайды

- A) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- B) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
- C) өндірістік кооператив
- D) акционерлік қоғам
- E) толық серіктестік

37. Сеитов, Васильев және Аскеров азаматтарға заңгер _____ таңдауды ұсынады, себебі заңды тұлғаның бұл ұйымдық-құқықтық нысанына бірқатар артықшылықтар тән екенін мәлімдейді: жеңілдетілген мемлекеттік тіркеу жүйесі, жарғылық капиталының нольдік көрсеткіші, төленген салым шегіндегі жауапкершілік және т.б.

- A) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
- B) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- C) өндірістік кооператив
- D) сенім серіктестігі
- E) толық серіктестік

38. Заңды тұлғаның _____ жер оның тұрған жері болып танылады

- A) құрылтайшылар көрсеткен
- B) жалға ғимарат алған
- C) тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған
- D) құрылтайшылардың біреуі тұратын
- E) тіркеуден өткен

39. Коммерциялық заңды тұлға

- A) қор
- B) діни бірлестігі
- C) қоғамдық бірлестік
- D) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- E) мекеме

40. Заңды тұлғаның белгісі болып табылмайды

- A) ұйымдық бірлік
- B) мүліктік оқшаулық
- C) дербес азаматтық-құқықтық жауапкершілік
- D) азаматтық айналымда өз атынан шығуы
- E) екінші деңгейдегі банкіден есеп шотының болуы

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.